

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Зейнетақыны неліктен уақытылы ресімдеу керек?

«БЖЗК» АҚ (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) Қорда міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті көсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар және жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына жеткен адамдардың, сондай-ақ, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың **БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін** белгіленген кесте бойынша **алуға құқықтары бар** екенін еске салады.

Қордан зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толуына байланысты тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға, ал бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікін белгіленуіне байланысты төлем алу үшін Қор бөлімшелеріне, электрондық цифрлық қолтаңбасы бар болса БЖЗК сайты арқылы **уақытылы жүргінуда қажет**. Алушы зейнет жасына толғанға дейін **10 күн бұрын** ХҚКО-ға өтінішпен бірге қажетті құжаттарын өткізуі керек. Біз осы мерзімді қатаң сақтауға кеңес береміз. Себебі, бұл мемлекеттік зейнетақыны алу үшін өте маңызды, оны тағайындау үшін ұсынылған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру қажет. Оған қоса, заңнамаға сәйкес жасына байланысты зейнетақы және мемлекеттік базалық төлем тағайындау **өтініш берілген күннен** бастап жүргізіледі. Мұндай күн болып өтініш пен қажетті құжаттар "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация, ХҚКО) тіркелген күн есептеледі.

Естеріңізге сала кетейік, жасы бойынша зейнетақыны жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толған адамдар ала алады: 2024 жылы ерлер 63 жасқа, әйелдер 61 жасқа толғанда. БЖЗК-дан берілетін зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша проактивті қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, Қорда зейнетақы жинақтары бар, бірақ төлем алуға **өтініш білдірмеген тұлғалар бойынша БЖЗК Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп, осындағы азаматтарда жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоқтығын жыл сайын салыстырып, тексеру жұмыстарын жүргізеді**.

Жыл сайынғы салыстыру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған кезде БЖЗК оларға Мемлекеттік корпорациямен жасалған тиісті келісім шеңберінде зейнетақы төлемдерін жүзеге асырады.

Мәселен, ағымдағы жылдың 1 наурызына қарай жыл сайынғы салыстыру нәтижелеріне сәйкес зейнетақы жасына толған, БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар және оны төлеуге өтініш білдірмеген **200 мыңға жуық адам** Мемлекеттік корпорацияның мәліметтері бойынша анықталды:

- **45 мыңға жуық адам** жасына байланысты зейнетақы төлемдерін/базалық зейнетақы алмайды;
- шамамен **92 мың** адам бюджет қаражаты есебінен жасына байланысты/базалық зейнетақы/еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алады, оның ішінде:
 - ағымдағы жылды **20 мыңға жуық** азамат БЖЗК-дан зейнетақы төлемін алу үшін тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға өз бетінше өтініш білдірді;
 - **72 мыңға жуық** азаматқа салыстыру нәтижелері бойынша БЖЗК-дан зейнетақы төлемдері проактивті форматта тағайындалды;

• **63 мыңға** жуық адам Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен не қайтыс болған адамдар санатында.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген салыстырып тексеру нәтижелері бойынша БЖЗҚ ағымдағы жылдың наурыз-сәуір айларында 72 мыңға жуық азамат ХҚҚО-ға проактивті форматта жүгінбесе де, БЖЗҚ оларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алууды, нысаналы жиснақтау шоттарына нысаналы жиснақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алууды жүзеге асырады ([толығырақ www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).